

"Бюджеттік ұйымдардың бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық көлемі мен нысандары туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1999 ж. 25 мамыр N 239 Бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 23 маусымда тіркелді. Тіркеу N 816. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 424 (V043293) бұйрығымен.

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 15 мамырдағы N 217 V980517_ бұйрығымен бекітілген "Бюджеттік ұйымдардың бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық көлемі мен нысандары туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
1999 жылғы 25.05. N 239

бұйрығымен бекітілген

"Бюджеттік ұйымдардың бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық көлемі мен нысандары туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 бұйрығымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 15 мамырдағы N 217 бұйрығымен бекітілген "Бюджеттік ұйымдардың бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық көлемі мен нысандары туралы" Нұсқаулыққа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1-тарауда. Жалпы ережелер:

- Нұсқаулықтың атауындағы, бұдан әрі мәтін бойынша және қосымшалардағы барлық септеулерде көпше түрде де, сол сияқты жекеше түрде

де пайдаланылатын "бюджеттік ұйымдар", "ұйымдар" деген сөздер тиісінше ауыстырылатын сөздердің септелуімен көпше және жекеше түрде "мемлекеттік мекемелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

- мәтіндегі барлық септеулерде көпше түрде де, сол сияқты жекеше түрде де пайдаланылатын "министрлік, мемлекеттік комитет және өзге атқарушы орган", "арнайы қаражаттар", "бюджеттен тыс қаражаттар" деген сөздер тиісінше ауыстырылатын сөздердің септелуімен көпше және жекеше түрде "бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі", "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар", "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын мемлекеттік мекемелердің алатын қаражаттары, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттар, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1.5 - тармақта :

- сегізінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Өлшем бірлігі" реквизиті" - мемлекеттік мекемелер жиынтық бухгалтерлік есептерін мыңдаған теңгеде жасайды. Мемлекеттік мекеменің шығыстарына болсын, сол сияқты алынған лимиттерді ведомстволық бағыныстағы құрылымдық бөлімшелердің арасында бөлу үшін болсын бас лимиттерге билік етушіден алынған лимиттерді алатын мемлекеттік мекемелер жиынтық бухгалтерлік есебін мыңдаған теңгеде жасайды. Бюджеттік қаражаттарды тек осы мекеменің шараларына тікелей жұмсау үшін жоғары тұрған лимиттерге билік етушілерден лимиттерді алатын мемлекеттік мекемелер бухгалтерлік есептерін теңгемен жасайды".

- 1.6-тармақта "І сәуір" деген сөздер алып тасталсын.

- 1.7-тармақтың бірінші азатжолындағы "мен өзге де атқарушы органдар" деген сөздерден кейін "бухгалтерлік есептің бірінші данасы" деген сөздермен толықтырылсын.

2.2-тарауда. Бухгалтерлік есептің жылдық, тоқсандық нысандарының көлемі:

- 2.1 - тармақта :

- алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы азатжолдар мынадай редакцияда жазылсын :

"- мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді сатудан алатын қаражаттарды пайдалануы туралы есеп - 4-нысан (коды 0503041);

- мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді сатудан алатын қаражаттарды пайдалануы туралы есеп - 4-нысан - жиынтық;

- депозиттік қаражаттар бойынша есеп - 4-қ-нысан.;

- демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттар бойынша есеп - 4 - д к - ны с а н " ;

- он бірінші азатжол алып тасталсын;
- он жетінші, он сегізінші азатжолдар мынадай редакцияда жазылсын:
 - "- республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы - 032А-нысаны;
 - жергілікті бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы - 032-А-нысаны";
 - мынадай мазмұндағы азатжолдармен толықтырылсын:
 - "- сыртқы заемдар бойынша есеп - N 16-нысан;
 - бюджеттен тыс қорлар бойынша есеп - N 4-"бюджтыс"-нысан;
 - республикалық бюджеттен бөлінген лимиттердің толығымен бөлінуін бақылау ведомосы - N 047-нысан;
 - республикалық бюджет бойынша лимит бөлуге жататын мемлекеттік мекемелердің рұқсаттары - N 046-нысан;
 - жергілікті бюджет бойынша бөлуге жататын қаржылық рұқсат - N 146-нысан";

2.2-тармақ бірінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен қаражат алған мемлекеттік мекемелер мен өзге де ұйымдар түсіндірме жазбада Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген қаражаттардың пайдаланылуы туралы анықтаманы қоса тіркей отырып алынған соманы көрсетеді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомостволық бағыныстағы мекемелер бойынша айдың аяғында бөлінген, бірақ келесі айда есепке алынған ашық лимиттердің сомаларын жиынтық балансының шығыстар сметасы орындалуының 091 "Жолдағы ашылған лимиттер" қосалқы шотында есепке алады.

Ведомстволық бағыныстағы мекемелері жоқ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері айдың аяғында, бірақ келесі айда есепке алынған ашық лимиттердің сомасын 091 қосалқы шот бойынша шығыстар сметасы орындалуының балансында көрсетеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазынашылықтың аумақтық органдарынан N 047 "Лимиттердің толығымен бөлінуін бақылау ведомосы" нысанын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын лимиттердің төмен тұрған билік етушілері - N 046 "Республикалық бюджет бойынша бөлінуге жататын мемлекеттік мекемелердің рұқсаттары" нысанын алады, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын лимиттердің бас билік етушілері Қазынашылық органдарынан N 146 "Жергілікті бюджет бойынша бөлінуге жататын қаржылық рұқсат" алады және бухгалтерлік есепке қосып

т і р к е й д і " ;

- 2.3-тармақта "Ұйымдар" деген сөзден кейін "оның ішінде жергілікті атқарушы органдар, банктер, қазыналық кәсіпорындар, шаруашылық жүргізуші субъектілер" деген сөздермен толықтырылсын, бұдан әрі мәтін бойынша, (коды 0603008) санынан кейін "қайтарып алу" белгісімен N 2-ұ-нысаны (коды 0603008) "есептеу" белгісімен N 2-есептеу нысаны (коды 0603008)" деген сөздермен толықтырылсын, бұдан әрі мәтін бойынша.

3. 3-тарауда. Ағымдағы бухгалтерлік есеп шоттарын қорытындылау тәртібі:

- 3 . 4 - т а р м а қ т а :

- бірінші азатжолдағы бірінші сөйлемде "бюджеттен тыс қаражаттар" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттар, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттар" деген сөздермен ауыстырылсын, екінші сөйлемдегі "бюджеттен тыс" деген сөздер алып тасталсын;

- екінші, үшінші, төртінші азатжолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Демеушілік және қайырымдылық көмектен, бөгде ұйымдардан қаражат алған және оны ағымдағы қаржылық жылы пайдаланбаған мемлекеттік мекеме келесі қаржылық жылы мақсатқа сай пайдаланады.

Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың бекітілген сметасының қолданылуы есепті жылдың 31 желтоқсанында тоқтатылады. Ағымдағы шотта жылдың аяғында пайда болған ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың қалдығы алдағы жылдың ақылы қызмет көрсетудің тиісті түрі сметасының кіріс бөлігіне көшіріледі.

Егер ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынған қаражаттың сметасы жоспарланып отырған жылдың 1 сәуіріне дейін бекітілмесе, есепіден кейінгі жылдың бас кезінде қалыптасқан қаражаттардың қалдығы тиісті бюджеттің кіріс бөлігіне есепке алынады " ;

- 3.7-тармақта "Бюджеттен тыс қордың қаражатымен" деген сөздер "Басқа да қорлармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 3 . 8 - т а р м а қ т а :

- бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын: "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар бойынша ағымдағы есептің шоттарын қорытындылау 400 " Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін кірістер" қосалқы шотының дебетінде есептен шығару арқылы жүргізіледі";

- екінші азатжолда "211 "Арнайы қаражаттар бойынша шығыстар" деген сөздер "211 "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың есебінен шығыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

- үшінші азатжол алып тасталсын.

4.4 тарауда. Бухгалтерлік есептің жылдық, тоқсандық нысандарын, толтыру т ә р т і б і :

- "Активтер" бөлімінде "бюджеттен тыс" деген сөздер "ағымдағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

- 4.2-тармақтың бірінші азатжолындағы "бюджеттен тыс" деген сөздер "ағымдағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

- 4.3-тармақтың бірінші азатжолындағы "олардың іс жүзіндегі құны бойынша ғылыми-зерттеу шаруашылық келісім-шарт жұмыстары үшін арнайы жабдықтар" деген сөздер алып тасталсын;

- 4.5-тармақта "ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қондырғыларды дайындау жөніндегі ұйымдармен шарт бойынша конструкторлық жұмыстарды орындау жөніндегі" деген сөздер алып тасталсын:

- 4.6-тармақта:

- бірінші азатжолдағы "бюджеттен тыс" деген сөздер алып тасталсын, "бірлесіп қаржыландыру" деген сөздерден кейін "демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған шоттарда, ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған шоттарда, депозиттік шоттарда" деген сөздермен толықтырылсын, бұдан әрі мәтін бойынша;

- үшінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"142 "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарына арналған ашық лимиттер (092) жолы бойынша 2-б-н. министрлікаралық (ведомствоаралық) рұқсат бойынша белгілі бір шараларды қаржыландыруға алынған мемлекеттік мекеменің бюджеттік қаражаттарының түсуі және жұмсалуды көрсетіледі";

- жетінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"161 "Сыртқы заемдардың есебінен жобалар бойынша шығындарға арналған ашық лимиттер (099)" жолы бойынша есепті жылдың басынан сыртқы заемдардың есебінен жобалар бойынша қаржыландыруға арналған ашық лимиттердің сомасы көрсетіледі";

- он бірінші, он екінші, он үшінші, он алтыншы азатжолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"190 "Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шот (110)" жолы бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде заңды және жеке тұлғалардан мемлекеттік мекемелердің алатын қаражаттарының түсуі көрсетіледі. Демеушілік және қайырымдылық көмектің ағымдағы шоттарға есепке алынған және мақсатты сипаттағы ақшалай қаражаттарды мемлекеттік мекемелер қатаң нысаналы мақсаттарға жұмсайды.

200 "Ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттардың ағымдағы шоты (111) " жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтері бойынша сметасының орындалуына байланысты операциялар жөніндегі қаражаттардың қалдығы көрсетіледі.

210 "Депозиттік шот (112)" жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің уақытша билік етуіне түсетін, белгілі бір жағдайлар пайда болған жағдайда мемлекеттік бюджетке есептеуге немесе енгізушіге қайтаруға жататын қаражаттардың қалдығы, сондай-ақ Алматы қаласымен оның аудандарының экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуы үшін бюджеттен тыс қаражаттар көрсетіледі.

213 "Есеп айырысу шоты" (115) жолы бойынша республикадан тысқары жерлердегі елшіліктерді және өзге де ұйымдарды ұстауға түскен бюджеттік қаражаттардың қалдығы көрсетіледі.";

- жиырма үшінші азатжолдағы "бюджеттен тыс қаражаттар есебінен жүргізілетін" деген сөздер алып тасталсын;

- 4.7 - тармақта:

- төртінші азатжолда "бюджеттен тыс қаражаттар бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

- бесінші, алтыншы, жетінші азатжолдар алып тасталсын;

- сегізінші азатжолдағы "Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен жасалатын есеп айырысулар (157)" деген сөздер "Тапсырыс берушілердің жұмыстар мен қызметтер үшін аванстары бойынша есеп айырысулар (157)" деген сөздермен ауыстырылсын;

- тоғызыншы, он екінші азатжолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"262 "Әлеуметтік салық жарналары бойынша есеп айырысулар" (159) жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салыққа басы артық аударылған аударымдары бойынша берешек сомасы, 581 жол бойынша пассивте - мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салыққа аударымдары бойынша берешек сомасы көрсетіледі.

290 "Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша есеп айырысулар" (171)" жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің міндетті әлеуметтік қамсыздандыру алымдары бойынша басы артық аударылған аударымдар жөніндегі берешек сомасы, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандырудың жәрдемақыларын есептеу, 580 жолы бойынша пассивте - әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар бойынша мемлекеттік мекемелердің берешек сомасы көрсетіледі";

- он төртінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"302 "Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" (175) жолы бойынша жергілікті

бюджеттерден шағын және орта бизнесті несиелендіруге бөлінген несиелер көрсетіледі".

- он алтыншы азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"321 "Зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу бойынша есеп айырысулар" (191) жолы бойынша зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі берешек сома, активте - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа төленбеген зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар бойынша берешек сома, пассивте (681 жол) Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа төленген зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар бойынша нақты шығыстар көрсетіледі".

- он жетінші азатжолдағы "321" және "681" деген сандар тиісінше "322" және "682" сандармен, "зейнетақы жарналары" деген сөздер "жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар" деген сөздермен ауыстырылсын;

- он сегізінші азатжол алып тасталсын;

- 4.8 - тармақта:

- екінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы үшінші азатжолмен толықтырылсын:

"331 "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші бір әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемені ұстауға арналған бюджет бойынша шығыстар (201)" жолы бойынша бюджеттік қаражаттарды белгіленген лимиттер шегінде жұмсауға министрлікаралық (ведомствоаралық) рұқсат алған мемлекеттік мекеменің шығыстар сомасы көрсетіледі";

- бесінші азатжол алып тасталсын;

- жетінші азатжолдағы "Арнайы қаражаттар бойынша шығыстар (211)" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар есебінен шығыстар (211)" деген сөздермен ауыстырылсын, "арнайы қаражаттар" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін қаражаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

- он бірінші азатжол алып тасталсын;

- 4.10 - тармақта:

- бірінші азатжолдағы "бюджеттен тыс қаражаттар" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттар есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

- алтыншы азатжолдағы "Күрделі жұмсалымдарға және жабдықтарды сатып алуға арналған арнаулы қаражаттар бойынша шығыстар (212)" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың есебінен күрделі

жұмсалымдарға және жабдықтарды сатып алуға арналған шығыстар" деген сөздермен ауыстырылсын, "арнайы қаражаттар" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін қаражаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 . 1 2 - т а р м а қ т а :

- үшінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын :

"451 "Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарына жұмсалатын республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісінен бөлінген лимиттердің есебінен бюджеттен қаржыландыру (233, 141)" жолы бойынша мемлекеттік мекеменің - республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің екінші мемлекеттік мекемеден - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінен алған қаржыландыру сомасы көрсетіледі";

- сегізінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"490 "Несиелер" (248) жергілікті бюджеттерден шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін сомалар, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес банк мекемелерінде алынған несиелердің өтелмеген сомалары көрсетіледі";

- сегізінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын :

"491 "Сыртқы заемдар (249)" жолы бойынша Заемдар туралы келісімдерге сәйкес қайтарымдық негізде жобаларды қаржыландыру үшін алынған заемдар сомасы көрсетіледі";

- 4 . 1 4 - т а р м а қ т а :

- үшінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

620 "Шығыстарға демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар (176)" жолы бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде түсетін және қатаң нысаналы мақсатқа пайдаланылатын қаражаттар бойынша есеп айырысулар көрсетіледі";

- алтыншы азатжолдағы "ғылыми-зерттеу ұйымдарының" деген сөздер алып тасталсын ;

- сегізінші азатжолдағы "бір текті тапсырмаларға" деген сөздер алып тасталсын ;

- 4 . 1 5 - т а р м а қ т а :

- төртінші, алтыншы азатжолдар алып тасталсын;

- бесінші азатжолдағы "Арнаулы қаражаттар бойынша кірістер" деген сөздер "Ақылы Қызмет көрсетуді сатудан түсетін кірістер" деген сөздермен ауыстырылсын ;

- 4 . 1 8 - т а р м а қ т а :

- 230; 231; 235 (140; 143; 145) қосалқы шоттары бойынша бюджеттен

қаржыландыру сомаларының қозғалысы туралы анықтаманың атауы "235" деген саннан кейін "239" деген санмен толықтырылсын;

- екінші азатжол мынадай тиісті жолдармен толықтырылсын:

"831 "31 желтоқсанда жабылған сыртқы заемдар бойынша пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы" жолы бойынша - 31 желтоқсанда жабылған сыртқы заемдар бойынша пайдаланылмаған қаражаттардың қалдықтардың сомасы;

860 "Сыртқы заемдардың есебінен есепті жылы бөлінген лимиттер есептен шығарылды" (тоқсандық есепте толтырылмайды) жолы бойынша 3 бағанда жыл аяғында есептен шығарылған сыртқы заемдардың есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша сомалар көрсетіледі;

870 "Өтеусіз тегін берілген материалдық құндылықтар" жолы бойынша 3 бағанда басқа да мемлекеттік мекемелерде өтеусіз тегін берілген материалдық құндылықтардың сомасы көрсетіледі;

871 "Құрылысы аяқталмаған объектілерді қаржыландыруды беру" жолы бойынша 4 бағанда бір мемлекеттік мекеменің екіншісіне аяқталмаған құрылыс объектілерін қаржыландыруға берілген сомасы көрсетіледі;

901 "оның ішінде жолдағы ашық лимиттер" жолы бойынша айдың аяғында ашылған, бірақ өткен айда алынбаған 1, 2, 2а, 2б-н., 1МБР, 1МБЗ, 1МБЗ-СУБВ, 1МБР-СУБВ бойынша Рұқсаттардың ашық лимиттерінің сомасы көрсетіледі;

941 "Сыртқы заемдар бойынша лимиттер ашылды" жолы бойынша - 7 баған бойынша сыртқы заемдардың қаражаттары есебінен жобаларды қаржыландыру с о м а с ы к ө р с е т і л е д і ;

942 "оның ішінде жолдағы сыртқы заемдар бойынша ашық лимиттер" жолы бойынша - 7 баған бойынша сыртқы заемдар бойынша айдың аяғында бөлінген лимиттердің, бірақ келесі айда алынбаған сомасы көрсетіледі;

952 "оның ішінде жолдан қайтарып алу" жолы бойынша - 7 баған бойынша есепті айдың келесі айдағы қайтарып алынған қайтарып алу сомасы көрсетіледі;

962 "Құрылысы аяқталмаған объектілер қаржыландыруға алынды" жолы бойынша 8 бағанда мемлекеттік мекемеден алынған аяқталмаған құрылыс объектілерін қаржыландыру сомасы көрсетіледі";

- 4 . 2 2 - т а р м а қ т а :

- нысанның атауында, бұдан әрі мәтін бойынша "Арнаулы қаражаттар бойынша" деген сөздер "мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді сатудан алатын қаражаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

- екінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері "Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді сатудан алатын қаражаттарды пайдалануы туралы есеп" 4 нысан бойынша есепте көрсетілген деректердің негізінде "Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді сатудан алатын қаражаттарды пайдалануы

туралы есеп" 4 жиынтық нысан бойынша ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттарды пайдалану туралы есеп жасайды";

- үшінші азатжолдағы "арнаулы қаражаттар бойынша", "арнаулы қаражаттардың бір түрі" деген сөздер тиісінше "ақылы қызмет көрсету бойынша", "ақылы қызмет көрсетудің түрі" деген сөздермен ауыстырылсын, екінші сөйлем алып тасталсын;

- алтыншы азатжолдағы "ұйымдар" деген сөзден кейін "Жылдың басындағы смета бойынша бекітілген" бағаны бойынша жыл басынан бергі смета бойынша бекітілген деректер көрсетіледі" деген сөздермен толықтырылсын. Бұдан әрі мәтін бойынша;

- оныншы азатжолдағы "120" деген сан "115" деген санмен ауыстырылсын;

- 4.23-тармақта нысанның атауы және мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттарының қозғалысы туралы есеп" 4-дк нысаны

4.23. Бұл нысанда мақсатқа сай пайдалану үшін түскен демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттарының қозғалысы көрсетіледі.

Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттарының қозғалысы туралы есепті 1 шілдеде, 1 қазанда және 1 қаңтардағы жағдай бойынша есепті жылға т а п с ы р а д ы .

3, 4, 5, 6-бағандардағы демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін сомалар түрі бойынша қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды көрсетіледі, 7-баған қ о р ы т ы н д ы .

010 және 170 жолдары бойынша 011 және 171 "Оның ішінде ақшалай қаражаттардың қалдықтары" жолдары бойынша бөліп көрсете отырып есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы қалдықтар көрсетіледі. Есепті жылдың 010 және 011 жолдары өткен жылғы есептің осы нысанының 170 және 171 жолдарына с ә й к е с к е л у і т и і с .

020 жолы бойынша - демеушілік және қайырымдылық көмек қ а р а ж а т т а р ы н ы ң т ү с у і .

040 жолы бойынша - 010, 020 жолдарының сомасы.

050 жолы бойынша - ағымдағы жыл үшін жұмсалған шығындардың жалпы с о м а с ы .

- 4.24-тармақта нысанның атауы мен мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

- "Депозиттік қаражаттар бойынша есептеме" N 4-д нысаны

4.24. N 4-д-нысанында депозиттік қаражаттардың қозғалысы көрсетіледі;

3-бағанның 010-жолы бойынша жыл басындағы қаражаттардың қалдықтары, ал 011-жол бойынша, оның ішінде, өткен жыл үшін есептеменің 170, 171-жолдарына сәйкес келуі тиісті ақша қаражаттарының қалдығы көрсетіледі.

020-жол бойынша ағымдағы жыл үшін депозиттік қаражаттардың түскені

к ө р с е т і л е д і .

040-жол бойынша 010 және 020-жолдардың сомалары көрсетіледі.

050-жол бойынша қаражаттардың шығындары көрсетіледі.

3-бағанның 170-жолы бойынша есепті кезеңнің аяғындағы барлық қаражаттардың қалдығы, ал 171-жол бойынша "оның ішінде ақша қаражаттарының қалдықтары" көрсетіледі;

- 4.25 - т а р м а қ т а :

- төртінші азатжолдан кейін "030-жол бойынша - айырбастау үшін түскен бюджеттік қаражаттардың сомасы" деген сөздермен;

- алтыншы азатжолдан кейінгі "140-жол бойынша - Бюджет кірісіне енгізілді" деген сөздермен толықтырылсын.

- 4.26-тармақтағы нысанның және мәтіннің атауы алып тасталсын.

- 4.30- тармақтағы нысанның және мәтіннің атауы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"032-А нысан - республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының в е д о м о с ы

4.30. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме бюджеттік жіктелім бойынша Республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосын (032-А) қазынашылық органдарынан ай сайын алады және өзінің есептік деректерімен салыстырады. 032-А нысанында: бюджеттік сыныптама коды; жылға арналып жоспарланған рұқсат; қабылданған міндеттемелер; бөлінген лимиттер; міндеттемелер бойынша және міндеттемелерсіз қалпын келтіру; пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы; лимитпен қамтамасыз етілмеген міндеттемелер көрсетіледі";

- 4.33- тармақтағы нысанның және мәтіннің атауы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

132-А нысан - жергілікті бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының тізімдемесі

4.33. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ай сайын жергілікті бюджеттерден алынған бюджеттік қаражаттар мен кассалық шығыстар туралы деректерді қазынашылық органдары ұсынған 132-А-нысан ведомосының деректерімен салыстырылады.

132-А-нысанында: бюджеттік сыныптама коды; жылға арналып жоспарланған рұқсат; қабылданған міндеттемелер; бөлінген лимиттер; міндеттемелер бойынша және міндеттемелерсіз қалпына келтіру; пайдаланылмаған лимиттердің қалдығы; лимитпен қамтамасыз етілмеген міндеттемелер көрсетіледі.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемелердің шығыстар сметаларының орындалуы туралы ұсынылған жылдық есептің негізінде жиынтық есеп жасайды және 132-А нысанының ведомосы бойынша қазынашылық органдарының деректерімен салыстырады. Есепті жылдан кейінгі 1 қаңтардағы жағдай бойынша ведомость тиісті қазынашылық органның жергілікті бюджеті бойынша бағдарламалар әкімшісінің қолымен және мөрімен расталады және тиісті қаржы органына ұсынылады";

- мынадай мазмұндағы 4.34, 4.35, 4.36, 4.37, 4.38, 4.39-тармақтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

"N 16-нысан - Сыртқы заемдар бойынша есеп

4.34. Жобаны іске асырушы ұйым (Жобаны іске асыру тобы), Сыртқы заемдар бойынша есеп толтырады және оны белгіленген мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне тапсырады. Нысанға: жылдың басындағы және есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаттарының қалдығы 010, 170-жол бойынша; 040-жол бойынша жыл басынан бері түскен қаражаттардың сомасы - (оның ішінде табыстардың кодтары бойынша донорлардан алынғаны); 050-жол бойынша - жыл басынан бері жұмсалған ақша қаражаттары - барлығы (оның ішінде ерекшеліктер бойынша) жазылады.

N 16-н. есептің деректері негізінде N 2-н. коды (0603008) мемлекеттік мекемелердің сметалық шығыстарының орындалуы туралы есептің 6-бағаны толтырылады.

N 047-нысан - Республикалық бюджеттен бөлінген лимиттердің толығымен бөлінуіне бақылау жасау ведомосы

4.35. "Республикалық бюджеттен бөлінген лимиттердің толығымен бөлінуіне бақылау жасау ведомосы" N 047-нысанын Қазынашылықтың аумақтық органынан мемлекеттік мекеме алады және өздерінің есеп деректерімен салыстырады.

Егер Қазынашылық комитеті N 1 Қазынашылық рұқсатты айдың аяғында берген және бұл рұқсатпен бөлінген лимиттерді Қазынашылықтың аумақтық органы келесі айда есептеген жағдайда "жолдағы сома" деп аталатын ашық лимиттер бойынша сомалардың алшақтығы "бөлінген лимиттер", "ауытқу" бағанында көрсетіледі.

Қазынашылықтың аумақтық органы N 047-нысанның "бөлінген лимиттер", "ауытқу" бағанын және "Республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" N 032А-нысанының "бөлінген лимиттер" бағанын жинақтау жолымен "Мемлекеттік мекемелер шығыстары сметаларының орындалуы туралы есеп" N 2 нысанның "жыл басынан рұқсат етілгені" 5-бағанның деректері тексеріледі.

№ 046-нысан - Республикалық бюджет бойынша лимиттерді бөлу туралы мемлекеттік мекемелердің рұқсаты

4.36. Республикалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері есепті кезең үшін бөлінген лимиттерді Қазынашылықтың аумақтық органы № 046-нысан бойынша ұсынған деректермен салыстырады.

Бұл орайда, "Республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" № 032-А нысанының "бөлінген лимиттер" бағаны бойынша сома мен № 046-нысанның "бөлінбеген қалдық" 6-баған бойынша сома № 046-нысанның "Жыл басынан рұқсат етілгені" бағанының қорытынды сомасына сәйкес келуі тиіс.

№ 146-нысан - Жергілікті бюджет бойынша бөлуге жататын қаржылық рұқсаттар

4.37. Жергілікті бюджет бағдарламаларының әкімшісі есепті кезең үшін бөлінген лимиттерді Қазынашылықтың аумақтық органы ұсынған № 146-нысанның деректерімен салыстырады.

Жергілікті бюджет бағдарламаларының әкімшілері айдың аяғында бағынысты ұйымдар бойынша бөлінген, бірақ келесі айға есептелген қаржыландыруды бөлінбеген қалдық - 6-бағанында көрсетеді.

Бұл орайда, "Республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" № 032-А-нысанының "бөлінген лимиттер" бағаны бойынша сома мен № 146-нысанның "бөлінбеген қалдық" - 6-бағаны бойынша сома "Жыл басынан рұқсат етілгені" бағанның қорытынды сомасына сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген қаражаттарды пайдалану туралы анықтама

4.38. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген қаражаттарды алған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқару органдарының қорларынан бөлген қаражаттарының орындалуы туралы анықтаманы толтырады және түсіндірме жазбаға жапсырады. Анықтамада: 2-бағанда - бюджеттік сыныптама шығыстарының коды; 3-бағанда - резервтен қаражат бөлуге арналған Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының не жергілікті атқарушы органдар өкімінің нөмірі; 4-бағанда - бөлінген лимиттер; 5-бағанда - кассалық орындалуы; 6-бағанда - қалдық көрсетіледі.

№ 4-"бюджтыс" нысан Бюджеттен тыс қорлар бойынша есеп

4.39. № 4-"бюджтыс" нысанда "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Алматы қаласы Әкімінің

және оның аудандарының бюджеттен тыс қорлар бойынша кірістері мен іс жүзіндегі шығыстар көрсетіледі.

010, 170-жолдары бойынша 011, 171-жолдары бойынша бөлінген - оның ішінде ақша қаражаттарының қалдығы, жыл басындағы және жыл аяғындағы қалдықтар көрсетіледі. Есепті жылдың басындағы қалдық (010, 011-жолдар) өткен жыл үшін есептің жыл аяғындағы қалдығымен (170, 171-жолдар) ұқсас;

020-жол бойынша - ағымдағы жылы түскен сома;

040-жол бойынша - қорытынды сома;

050-жол бойынша - ағымдағы жыл үшін жасалған шығыстардың жалпы сомасы.

5. Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінің жылдық, тоқсандық нысандарының тізбесіне (N 1-қосымша) тиісті жолдар бойынша мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 3-бағандағы "Арнаулы қаражаттар бойынша сметалардың орындалу туралы есеп" деген сөздер "Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуден алатын қаражаттарды пайдалануы туралы есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 1,3 бағандардағы "4-а бюджет" "Өзге де бюджеттен қаражаттардың қозғалысы туралы есеп" деген сөздер тиісінше "4-д" "Депозиттік қаражаттар бойынша есеп" деген сөздермен ауыстырылсын, "4-т" "Тапсырыстар бойынша сомалардың қозғалысы туралы есеп" деген сөздер тиісінше "4-дк" "Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттарының қозғалысы туралы есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 2,3-бағандардағы тиісінше "4-ғ", "Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жұмыс көлемдерінің орындалуы туралы есеп" деген сөздер алып тасталсын;

- 2,3-бағандардағы "044-А Бюджеттік сыныптаманың ерекшеліктері бойынша бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" деген сөздер тиісінше "032-А Республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 2,3-бағандардағы "144-А Бюджеттік сыныптаманың ерекшеліктері бойынша бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" деген сөздер тиісінше "032-А Жергілікті бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" деген сөздермен ауыстырылсын;

толықтырылсын:

- 1-бағанды "16" деген санмен, тиісінше 3-баған "Сыртқы заемдар бойынша есеп" деген сөздермен;

- 1-бағанды "047" деген санмен, тиісінше 3-баған "Республикалық бюджеттен бөлінген лимиттердің толық бөлінуіне бақылау жасау ведомосы" деген сөздермен;

- 1-бағанды "046" деген санмен, тиісінше 3-баған "Республикалық бюджет бойынша лимиттерді бөлуге жататын мемлекеттік мекемелердің рұқсаты" деген сөздермен;

- 1-бағанды "146" деген санмен, тиісінше 3-баған "Жергілікті бюджет бойынша бөлуге жататын қаржылық рұқсат" деген сөздермен;

- 1-бағанды "4-бюджтыс" деген сөздермен, тиісінше 3-баған "Бюджеттен тыс қорлар бойынша есеп" деген сөздермен.

6. Мемлекеттік мекемелердің шығыстар сметаларының орындалуы туралы бухгалтерлік есебінің жылдық және тоқсандық нысандары бойынша негізгі көрсеткіштердің келісу сұлбасына (N 2 қосымша) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1-бағандағы 8-жол "341-жол 4-баған" деген сөздерден кейін "қосу 420- жол 4-баған шегеру 420- жол 3-баған" деген сөздермен толықтырылсын;

- 1-бағандағы 10-жол "7" деген саннан кейін "және 8" деген сөздермен толықтырылсын, "3" деген саннан кейін "және 4" деген сөздермен толықтырылсын;

- 1-бағандағы 11-жол мынадай редакцияда жазылсын: "840 жол 3 және 4-бағандар қосу 850-жол 3 және 4-бағандар қосу 420-жол шегеру 420-жол 3-баған қосу 330-жол 4-баған шегеру 330-жол 3-баған" тиісінше 2-бағандағы "Барлығы" жолы 7-баған" деген сөздерден кейін "7-бағанның "Қайтарып алу" N 2-нысанын қоса алғанда 7-баған шегеру "сыртқы заемдар" N 2-нысаны 7-баған";

- бағандар 11-жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын :

- 2-бағанды нысанының атауы "Мемлекеттік мекемелердің шығыстар сметаларының орындалуы туралы есеп (сыртқы заемдар) 2-нысаны";

- 1-бағанды "11.1. 481-жол 4-баған" тиісінше 2-бағанды "11.1. "Барлығы" жолы 5-баған (сыртқы заемдар бойынша)";

- 1-бағанды "11.2. 481-жол 4-баған шегеру 211-жол 4-баған" тиісінше 2-бағанды "11.2. "Барлығы" жолы 6-баған (сыртқы заемдар бойынша)";

- 2-бағандағы "Арнаулы қаражаттар бойынша сметалардың орындалуы туралы есеп" 4-нысан" деген сөздер "Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынған қаражаттарды пайдалануы туралы есеп" 4-нысан" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 2-бағандағы 14, 15, 16, 17-жолдардағы "5" деген сан "6" деген санмен ауыстырылсын;

- 2-бағандағы 15-жолда "(ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған шаруашылық келісім-шарттар болмаған кезде)" деген сөздер алып тасталсын;
- 2-бағандағы "Өзге де бюджеттен тыс қаражаттардың қозғалысы туралы есеп" 4-а-нысан" деген сөздер "Депозиттік қаражаттар бойынша есеп" 4-д-нысан" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 1 және 2-бағандардағы:
 - 18, 19-жолдар мынадай мазмұндағы жолдармен ауыстырылсын:
 - 1-бағандағы "18. 610-жол 3 және 4-бағандар" тиісінше 2 бағандағы "18. 3-бағанның 010 және 170-жолдары тиісінше";
 - 1-бағандағы "19. 210-жол 3 және 4-бағандар" тиісінше 2 бағандағы "19. тиісінше 3-бағанның 011 және 110-жолдары";
 - 19-жолдан кейін 2-баған "Бюджеттен тыс қорлар бойынша есеп" деген сөздермен толықтырылсын;
 - 1 және 2-бағандардағы:
 - 20, 21, 22-жолдар мынадай мазмұндағы жолдармен ауыстырылсын:
 - 1-бағандағы "20. 533-жол 3-баған" тиісінше 2-бағандағы "20. 3-бағанның 010 -жолы";
 - 1-бағандағы "21. 533-жол 4-баған" тиісінше 2-бағандағы "21. 3-бағанның 170 -жолы";
 - 1-бағандағы "22. 372-жол 4-баған қосу 373-жол 4-баған (тоқсандық есеп)" тиісінше 2-бағандағы "22. 3-бағанның 050-жолы (тоқсандық есеп)";
 - 23-жол алып тасталсын;
 - 2-бағандағы:
 - "Тапсырыстар бойынша сомалардың қозғалысы туралы есеп" 4-п-нысан" деген сөздер "Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттары бойынша есеп" 4-дк-нысан";
 - 28, 29-жолдардағы "баған" деген сөздің алдындағы "10" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;
 - 1 және 2-бағандар 34-жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын: 1-бағанды "34.1. 820-жол 3 және 4-баған" тиісінше 2- бағанды " N 6-нысанның 240-жолы 3-бағаны";
 - 1 және 2-бағандар 35-жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:
 - 2-бағанды нысан атауы "Сыртқы заемдар бойынша есеп" 16 нысан";
 - 1-бағанды "35.1. 211-жол 3 және 4-бағандар" тиісінше 2 бағанды "35.1. тиісінше 010 және 170 жолдар 5-баған";
 - 1-бағанды "35.2. 491-жол 4-баған шегеру 3-баған (тоқсандық есеп)" тиісінше 2-бағанды "35.2. тиісінше 040-жол 4-баған";

- 1 және 2-бағандар нысанның атауы "Сыртқы заемдар бойынша есеп" 16-нысан";
- 1-бағанды "35.3. 170-жол 5-баған" тиісінше 2-бағанды "35.3. тиісінше 010-жол 5-баған қосу 040-жол 5-баған шегеру 050-жол 5 баған";
- 1-бағанды "35.4. "Сыртқы заемдар" N 2-нысанның "Барлығы" жолы 6-баған" тиісінше 2-бағанды "35.4. N 16-нысанның 5-бағанының 50-жолы";
- 1 және 2-бағандардағы "Арнаулы қаражаттар бойынша сметалардың орындалуы туралы есеп" 4-нысан" деген сөздер "Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер көрсетуді сатудан алынған қаражаттарды пайдаланылуы туралы есеп" 4-нысан" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 1 және 2-бағандардағы 36-жолда "5" деген сан "6" деген санмен ауыстырылсын;
- 2-бағандағы 36-жол мынадай редакцияда жазылсын: "36. 10 жол қосу 020жол шегеру 050, 130, 140, 150, 160-жолдар 6-баған";
- 1 және 2-бағандардағы "Өзге де бюджеттен тыс қаражаттардың қозғалысы туралы есеп" 4-нысан" деген сөздер "Депозиттік қаражаттар бойынша есеп" 4нысан" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 1-бағандағы 37-жолдағы "23" деген сандары "3" деген сандармен ауыстырылсын тиісінше 2-бағандағы 37-жол мынадай редакцияда жазылсын: "37 . 10-жол қосу 020-жол шегеру 050-жол шегеру 140-жол 3-баған";
- 1,2-бағандардағы "Тапсырыстар бойынша сомалардың қозғалысы туралы есеп" 4-п-нысан" деген сөздер "Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттары бойынша есеп" 4-дк-нысан" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 1-бағандағы 39-жолдағы "10" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын; тиісінше 2-бағандағы 39-жол мынадай редакцияда жазылсын: "39. 10-жол қосу 020-жол шегеру 050-жол 7-баған";
- 1,2-бағандардағы "Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша көлемнің орындалуы туралы есеп" 4-нысан" деген сөздер және 40, 41, 42, 43, 44, 45-жолдар алып тасталсын;
- 1 және 2-бағандар 50-жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:
- 1-бағанды "50.1 130-жол 3 және 4-бағандар" тиісінше 2бағанды "50.1 3 және 4-бағандардың 140-жолы қосу 150-жолы қосу 160-жол қосу 161-жол";
- 1-бағанды "50.2 180-жол 3 және 4-бағандар" тиісінше 2бағанды "50.2 3 және 4-бағандардың 190-жолы қосу 200-жолы қосу 210-жолы қосу 220-жолы қосу 230-жолы қосу 231-жолы қосу 232жолы";
- 1 және 2-бағандар 56-жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

- 1-бағанды "56.1. N 5-нысанның 190-жол 3,4,5-бағандар қосу N 6-нысанның 240-жол 3-баған" тиісінше 2-бағанды "56.1. 050-жол 3 баған".

7. "Активтердің қозғалысы туралы есеп" N 5-нысанда

- 1-бағандағы "арнаулы қаражаттардың есебінен" деген сөздер "демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражаттардың есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 1-бағандағы "өтеусіз түскен түсімдерден" деген сөздерден кейін "Басқа түсімдер" деген сөздермен тиісінше 2-баған "161" жолмен толықтырылсын;

- 1-бағандағы "Активтерден материалдарға ауыстыру" деген сөздерден кейін "Басқалар" деген сөздермен тиісінше 2-баған "232" 4 және 5 бағандар "X"-жолмен толықтырылсын.

8. Қосымшаларға сәйкес бухгалтерлік есептің мынадай нысандарын:

- Шығыстар сметасының орындалу балансы N 1 (0503001)нысаны Шығыстар сметасының орындалу балансы N 1 (0503001)нысанына;

- Ұйымдар сметалары шығыстарының орындалуы туралы есеп N 2 (0603008)-нысаны Мемлекеттік мекеме сметалары шығыстарының орындалуы туралы есеп N 2 (0603008)-нысанына;

- Арнаулы қаражаттар бойынша сметалардың орындалуы туралы есеп N 4 (0503041)-нысаны Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер көрсетуден алынған қаражаттардың орындалуы туралы есеп N 4 (0503041)-нысанына;

- Арнаулы қаражаттар бойынша сметалардың орындалуы бойынша есеп N 4-жиынтық (0503042) нысаны Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуден алынған қаражаттарды пайдалануы туралы есеп N 4-нысанына;

- Басқа да бюджеттен тыс қаражаттардың қозғалысы туралы есеп N 4-а (0503141)-нысаны Депозиттік қаражаттар бойынша есеп 4д-нысанына;

- Тапсырыстар бойынша сомалардың қозғалысы туралы есеп (0503241) бойынша N 4-п-нысаны Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаттары бойынша есеп 4-дк-нысанына;

- Валюталық қаражаттар қорының қозғалысы туралы есеп N 4-В (0503047) нысаны Валюталық қаражаттар қорының қозғалысы туралы есеп N 4-В (0503047) нысанына;

- Бюджеттік сыныптама ерекшеліктері бойынша бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы 044-А-нысаны Республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы 032-А-нысанына;

- Бюджеттік сыныптама ерекшеліктері бойынша бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы 144-А-нысаны Жергілікті бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы 132-А-нысанына;

ауыстыру жүргізілсін.

9. Қосымшаға сәйкес мынадай бухгалтерлік есептің нысандары:

- Сыртқы заемдар бойынша есеп N 16-нысан;

- Бюджеттен тыс қорлар бойынша есеп N 4-бюджтыс-нысан;

- Республикалық бюджет бойынша лимиттерді бөлу туралы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің рұқсаты N 046-нысан;

- Республикалық бюджеттен бөлінген лимиттерді бөлудің толықтығына бақылау жасау ведомосы N 047-нысан;

- Жергілікті бюджет бойынша бөлуге жататын қаржылық рұқсат N 146-нысан

;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген қаражаттардың пайдаланылуы туралы анықтама; енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

бекіткен

Шығыстар сметасының орындалу

Балансы

			! К о д ы !
N 1-нысан	ЕҚБС бойынша		!-----!
			! 0 5 0 3 0 0 1 !
			! - - - - - !
Мемлекеттік мекеме _____	ҚҰБС бойынша		!-----!
_____ жылғы " __ " _____	арналған Күні		!-----!
Кезеңі:жылдық, тоқсандық _____	ЕҚБС бойынша		!-----!
Өлшем бірлігі _____	ӨББЖ бойынша		!-----!
Бақылау сомасы _____			!-----!

Актив	!	Жол	! есепті ! есепті
	!	коды	! кезеңнің ! кезеңнің
	!	басындағы	! аяғындағы

	1	!	2	!	3	!	4

I. Активтер ! ! !

	!	!	!	
Активтер (010 - 013, 015 - 019)	!	010	!	_____!
Материалдық емес активтер (014)	!	011	!	_____!
	!	!	!	
II. Материалдық босалқы бөлшектер	!	!	!	
Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдары	!	020	!	_____!
(30)	!	!	!	_____!
Қосалқы (оқу) ауылшаруашылығы өнімдері (031)	!	030	!	_____!
Ғылыми зерттеу үшін ұзақ уақыт пайдаланатын	!	!	!	
және лабораториялық сынақтағы материалдар	!	040	!	_____!
(043)	!	!	!	
Жануарлардың жас төлдері және бордақылаудағы	!	060	!	_____!
малдар (050)	!	!	!	
Материалдар мен азық-түлік өнімдері (060-069)	!	070	!	_____!
	!	!	!	
III. Арзан құнды және тез тозатын заттар	!	!	!	
	!	!	!	
Арзан құнды және тез тозатын заттар (070-073)	!	080	!	_____!
	!	!	!	
IV. Өндіріске және басқа да мақсаттарға	!	!	!	
арналған шығындар	!	!	!	
	!	!	!	
Өндірістік (оқу) шеберханаларының шығындары	!	090	!	_____!
(080)	!	!	!	
Қосалқы (оқу) ауыл шаруашылығының шығындары	!	100	!	_____!
—				
(081)	!	!	!	_____!
Эксперименттік қондырғыларды дайындауға	!	120	!	_____!
арналған шығындар (083)	!	!	!	_____!
Материалдарды дайындау және ұқсату жөніндегі	!	130	!	_____!
шығындар (084)			!	_____!
			!	_____!
V. Ақшалай қаражаттар			!	_____!
			!	_____!
Ұйымдардың шығыстарына, ведомстволық	!	!	!	
бағыныстағы ұйымдарға және басқа да шараларға	!	140	!	_____!
аудару үшін ашылған лимиттер (090)	!	!	!	
Жолдағы ашылған лимиттер (091)	!	141	!	_____!
Республикалық бюджеттік бағдарламалардың басқа	!	!	!	

әкімшілеріне бөлінген лимиттердің есебінен	!	!	!
республикалық бюджеттік бағдарламалардың		!	!
әкімшілерінің шығыстарына арналған ашық	!	!	!
лимиттер (092)	! 142	!	_____
Күрделі жұмсалымдарға арналған ашық лимиттер	!	150	!
(093)	!	!	!
Өзара берешектерді өтеу туралы келісім	!	151	!
жөніндегі лимиттер (094)	!	!	_____
Мақсатсыз пайдаланған қайтарып алынған (өндіріп	!	!	!
алынған) қаражаттардың лимиттері (095)	!	152	!
Басқа бюджеттердің есебінен ашық лимиттер (096)	!	160	!
Сыртқы заемдар есебінен жасалатын жобалар	!	161	!
бойынша шығыстарға арналған ашық лимиттер	!	!	_____
(099)	!	!	_____
Ведомстволық бағыныстағы мекемелерге аудару	!	!	!
үшін мемлекеттік мекемелердің шығыстарына	!	!	!
арналған және басқа да шараларға арналған	!	!	!
лимиттер (100)	!	170	!
Күрделі жұмсалымдарға арналған лимиттер (103)	!	171	!
Күрделі жұмсалымдар бойынша мердігермен есеп	!	!	!
айырысу үшін тапсырысшының банктегі арнаулы	!	!	_____
шотындағы қаражаттары (109)	!	180	!
Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге	!	!	_____
арналған ағымдағы шот (110)	!	190	!
